

**Саябаева А.Н., Зайырова А.Т.**

«Балапан» бөбекжайы ҚМҚК., тәрбиешілер., Қарағанды қаласы

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫҢ ЭТНОСТЫҚ-МӘДЕНИ СӘЙКЕСТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Қоғамда қабылданған негізгі бағыттардың бірі ретінде халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білімі мен білігі жағынан өркениетті елдердегі замандастарымен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі баса айтылған[1].

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында этностық, этностық-мәдени және мемлекеттік сәйкестілік мәселесі философия, саясаттану, тарих және этнографиялық салада (Э.З.Александренков, Ж.М.Әбілдин, Ю.В.Бромлей, В.И.Козлов, Қ.Е.Көшербаев, Ә.Н.Нысанбаев, Б.Ф.Поршнев, И.А.Снежкова, Э.К.Суслова, Ғ.Т.Телебаев және т.б.); элеуметтану мен мәдениеттануда (С.М.Арутюнян, М.Х.Балтабаев, Л.М. Дробижева және т.б.); этнопсихологияда (В.А.Вяткин, Қ.Б.Жарықбаев, Н.Е.Елікбаев, Б.А.Әмірова, О.Х.Аймағанбетова, А.П.Оконешникова, У.Г.Солдатова, Г.М.Старовойтова, Ю.В.Хотинец, Е.Т.Шлягина және т.б.) көрінетіні айқындалды.

Көптеген зерттеулердің әдіснамалық бағдарына профессор Ж.Ж.Наурызбайдың Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру тұжырымдамасы алынды.

Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесін талдау балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымның жұмысының мазмұнында ұлттық-мәдени элементтердің өз мүмкіндігіне сай қолданылмайтынын көрсетті.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастырудың маңызды факторы - тіл.

Балалардың өзара әрекетінің нәтижесінде этникалық топ өзінің этникалық тілін сақтай алады, кез келген жағдайда этникалық тілді сақтау этностық-мәдени сәйкестілікке әсер етеді.

Когнитивті компонентке жас ерекшелігіне этникалық өзіндік идентификация, ана тілін үйренуге талпыныс, өз халқының және басқа да этностардың тарихын, мәдениетін және ұлттық ерекшеліктерін білу жатады[2].

Аффективті компонентке жеке тұлғаның сезімінде көрінетін сипаттамалар кіреді.

Мінез-құлықтық компонентке мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың әрекетіндегі білім, эмоция, сезімдердің көрінуі, мінез-құлық ережелерін сақтауы жатады.

Ұлттық сананың қалыптасуындағы мәдениет, өнер рольдерін ашуда, оның маңызын көрсетуде де Л.С.Выготскийдің триадасы «сана – мәдениет – жүріс-

тұрыс» туралы пікірін тысқары қалдыра алмаймыз. Себебі, әр ұлт өзінің ұлт болып қалыптасуында өзінің рухани мәдениеті: әдебиеті, өнері, ғылымы арқылы мінез-құлық, болмыс, сана-сезім ерекшеліктерін анық көрсетеді. Сөйтіп, өзінің өмір сүру ұзақтығы, мәдениетінің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлт бастамасы «баланың» өз мәдениетіне ену мүмкіндігімен анықталады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастырудың төртінші ерекшелігі этноәлеуметтік-рольдік принципіне негізделеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастырудың бесінші ерекшелігі мемлекеттік интеграция және этностық-мәдени сәйкестілік (қазақстандық патриотизм) идеясына тәуелді.

Қазіргі қоғам дамуында және білім беру жүйесінде екі тенденция байқалады: саралау және кірігу. Этностық қатынастар саласында оларды бірлікте қарастыру этно-мәдени білім беру қажеттілігін тудырды. Педагогикалық үдерісте бұл тұжырымдаманы жүзеге асыру этностық сәйкестілікті мемлекеттік кірігумен бірлікте қалыптастыру мақсатына әкелді.

Мемлекеттік сәйкестілік (кірігу) – этно-мәдени білім берудің фундаментальды және стратегиялық мақсаты. Егер этностық сәйкестілікке жеке және топтық түрде қысқа уақыт мерзімінде жетуге болса, мемлекеттік кірігуге жету – мемлекетте тұратын барлық этностардың күштерін талап ететін ұзақ процесс (ҚР этномәдени білім тұжырымдамасы).

Этностық-мәдени сәйкестілікті қалыптастырудың алтыншы ерекшелігі тұқымқуалаушылық, орта және тәрбиенің әсерінен туындайды. Бұқар жырау «Жаманнан жақсы туса да, жақсыдан жаман туса да, адамның ата-тегінен» деген. Қазақ сонау ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан, тұқым қуалайтын барлық жақсы қасиеттердің жиынтығын «тек» деген ұғымға сыйғызып, ондай адамдарды «текті» деп бір ауыз сөзбен сипаттаған. Ұлттық ерекшеліктерін қатаң ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіне осы тектілік негіз болғаны хақ. Тәрбиедегі негізгі түп – тектілік, оның тамырын, өмір тұрғысын дұрыс қалыптастыру - ата-ананың негізгі міндеті. Ол міндетті дұрыс атқару үшін олардың өздері баласына өнеге болуы тиіс.

Қазақтар «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», - дегендей халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара алмаймыз. «Балана басқұр қалдырғанша, тозбас дәстүр қалдыр» - деген қазақ халқы озық жұрттардың санатында болашақ қамын қатты ойластырған.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастырудың жетінші ерекшелігі әлеуметтену және этностық тәрбие түсініктерінің арақатынасынан шығады.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі - өмір бойы жалғасатын біртұтас үздіксіз үрдіс, оның даму барысында адамның этнос субъектісі ретінде этностық құндылықтарды, этноәлеуметтік рольдерді және өз халқының салт-дәстүрлерінде шоғырланған этностық нормаларды меңгеруі, этностық өзіндік санасын оятып, өз ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген мақтаныш

сезімін және басқа ұлт өкілдеріне сыйластық, түсіністік сезімін қалыптастыру болып табылады.

Баланың жеке басының қалыптасуындағы мектепке дейінгі кезең мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие беру кезеңін қамтиды. Осы кезеңнің өзінде-ақ ата-аналардың, педагогтардың, тәрбиешілердің, психологтардың бірлескен күш-жігері арқылы баланың әлі айқындала қоймаған әлеуметтік сапаларын қалыптастыру мен дамытудағы тәрбиелік мүмкіндікті жұмылдыру үшін оның жеке басының, рухани және дене бітімінің даму ерекшеліктерін, этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыру қажет.

Бағдарлама бес-алты жастағы балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламада мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде өткізілетін сабақтардың, әр түрлі шаралардың үлгілері берілген[3].

Балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыруда ата-аналармен жұмыс формаларын мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ғылыми тұрғыда негізделген этностық-мәдени білім арқылы ендіруге болады. Туған үйіне деген сүйіспеншілікті дамыту – балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін дамытудың алғашқы сатысы. Балаларда туған үйдің эмоционалдық бейнесін қалыптастырудың жолдары, құралдары және әдістері: ата-аналарға, отбасының басқа да мүшелеріне, құрбыларына деген сүйіспеншілікті, сыйластықты тәрбиелеу; туған үйге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуде отбасы дәстүрлерінің әсері.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Р.Ш.Сабирава, Г.С.Балгабаева. Этностық-мәдени сәйкестіліктің педагогикалық-психологиялық аспектілері // Проблемы Казахстанской психологии: история и перспективы: материалы межвуз. науч.-практ. конф. (29 октября, 2001 г.) - Караганда: Изд-во КарГУ, 2001. – С. 67-72.
2. Г.С.Балгабаева Этностық-мәдени сәйкестілік педагогикалық-психологиялық мәселе ретінде// Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі заманғы даму кезеңіндегі педагогика ғылымы мен практикасының сабақтасуы: аймақ.ғыл. прак.конф.матер. (27 мамыр, 2002 ж.) - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2002. – Б. 45-47
3. Балалардың этностық-мәдени сәйкестілігі – аса маңызды мәселелердің бірі // І.Жансүгіров тағылымы: респуб.ғыл.-практ. конф.матер. - Талдықорған: ЖМУ, 2002. - Б. 337-342.